



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№46

(1888) Жұма, 14-қараша 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекетаралық қарым-қатынасын жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларацияға қол қойды. Мемлекеттер басшыларының қатысуымен бірқатар үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарды алмасу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

— Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін табады. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабыл алдым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің

Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар.

Владимир ПУТИН:

— Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және перспективті бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын.



СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА



Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

— Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан — мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық

қарым-қатынас байланыстырады, — деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

— Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты — өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танылған. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі, — деді Президент.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУГЕ ЗОР ҮЛЕС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандық иелері екі елдің - Қазақстан мен Ресейдің экономикалық өрлеуіне орасан зор үлес қосатынына назар аударды.



«Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды. Көп ұзамай бұл жұмысты қорытындылаймыз. Жұмысшы мамандықтарын жан-жақты қолдауға, олардың қоғамдағы беделін арттыруға және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауға бағыт алдық. Аталған бағыттарға дәйекті түрде инвестиция салатын елдер инновация мен орнықты дамуда көш бастайтынын өлемдік тәжірибе көрсетіп отыр», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект, өндірістік процесті жаппай цифрландыру және автоматтандыру жаһандық еңбек нарығын түбегейлі өзгертіп жатқанына назар аударды.

«Өркениет көші ілгерілеген сайын еңбеккерлерді түрлі интеллектуалдық жүйелер мен цифрлық платформаларды басқара білуге міндеттейді. Мамандардың жоғары біліктілігі мен заманауи дағдыларды меңгеруі елдеріміздегі өнеркәсіп өсімі мен технологиялық жаңғыруға негіз болады. Мұны бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан кәсіби кадрларды даярлау үшін жүйелі шаралар қабылдаймыз», - деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте Президент жақында елімізде жасанды интеллектті техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне енгізудің тұжырымдамалық негізі бекітілгенін жеткізді.

www.akorda.kz

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА 330,3 МЛРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Жетісу облысы халықаралық серіктестік аясын кеңейтіп жатыр. Қазіргі кезде өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырудың арқасында Сауд Арабиясы, Германия, Бельгия, Чили, ҚХР, Иордания, Пәкістан елдерінің инвесторларымен ынтымақтастық орнатылуда. Жалпы, жыл басынан бері облыс экономикасына 330,3 млрд теңге инвестиция құйылды. Соның 35 млрд. теңгеге жуығы - шетелдік инвесторлардың тікелей инвестициясы, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғандағы көрсеткіштен 3 есеге артық.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, бүгінгі күнге өңірде құны 2,9 трлн теңге болатын, 13 мың жұмыс орны құрылатын 110 жобадан тұратын инвестициялық пул құрылған. Олардың ішінде ірілерін атап өтсек, «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс комбинаты» компаниясының 2 мың жұмыс орнын құратын металлургия комбинаты салынуда. Сол сияқты «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағында германиялық «Skyhansa» компаниясымен бірлесіп, халықаралық әуежайдың құрылысы қолға алынады. Бұл әуежай жобасында сағатына 500 адамға дейін жолаушы өткізетін терминал салу, 50 мың тонна жүк айналымы мүмкіндігі қарастырылған, сонымен қатар туристік және сауда-ойын-сауық бағытын дамытуға ықпал етпек.

Ал өндіріс және өңдеу салаларында Чили, Пәкістан, ҚХР, Қырғызстан инвесторларының қатысуымен тегістегіш болат шар, газ-бетон блоктарын, еден жабындарын өндіретін зауыттар мен ұн тарту кешені іске қосылады деп жоспарланған.

Баламалы энергия көздері саласының да әлеуеті зор. Бұл саланы дамытуға өңірде күн, жел және тау өзендерінің суы сияқты қажетті табиғи жағдайлар жеткілікті. Атап өтсек, бүгінде Жетісу облысында




жалпы қуаттылығы 251 МВт-тан асатын 18 жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істеп тұр. Биыл Ескелді ауданындағы Қора өзенінде қуаттылығы 26 МВт болатын Қора су электр станциясы іске қосылды. Сонымен қатар энергетика және жаңартылатын энергия көздері саласында бірқатар жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да жел генераторлары мен энергия сақтау жүйелеріне арналған жабдық өндіретін зауыттың құрылысы, сондай-ақ Қербұлақ ауданында қуаттылығы 110 МВт болатын күн электр станциясының жобасы бар.

– Жетісу облысының инвестициялық саясаты халықаралық әріптестікті тереңдетуге, экспорттық әлеуеті бар өндірістерді дамытуға және экономиканы әртараптандыруға бағытталған. Жалпы өңірде бес стратегиялық бағыт - агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік, логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп бойынша жұмыс жүргізілуде. Жетісу – Қытаймен шекарасында бес кеден бекеті бар республикадағы жалғыз өңір. Сонымен қатар біздің аймақ арқылы Қытайдан

Еуропаға жүк небәрі 10 күнде жеткізілетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транскүрлықтық автодәлізі өтеді. Географиялық артықшылықты тиімді пайдаланып, халықаралық әріптестікті кеңейту арқылы біз Бельгия, Германия, Чили, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Иордания сияқты алыс шетелдердің ірі инвесторларымен жұмысты табысты жүргізіп келеміз. Мұның бәрі өңір экономикасына инвестиция тартуға, жаңа өндірістер ашып, жұмыс орындарын құруға, өңір үшін басым секторларда ұзақ мерзімді әріптестік байланыстар орнатуға мүмкіндік береді, – деді Жетісу облысы әкімінің орынбасары Өсет Қанағатов.

Сол сияқты биыл құны 50,6 млрд теңге болатын 25 инвестициялық жоба қолға алынған, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және энергетика салаларына қатысты 10 жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында өндірістік «Қайнар-АКБ» зауытының аккумуляторлар шығаратын жаңа желісі, керамикалық плиталар шығаратын «Алмаз Керамикс» ЖШС-ның өндірісін кеңейту және басқа да жобалар бар.



– Біздің зауыт облыстағы ең ірі, жүйекұраушы кәсіпорынның бірі. Мұнда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі 33,6% құрап отыр. Мұнда жеңіл және жүк автокөліктерінде, ауыл шаруашылығында, әскери техникада т.б. салаларда қолданылатын аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрі шығарылады. Оған қоса жуырда зауыттың резервте қуат беруге арналған үшінші өндірістік учаскесін іске қостық. Жаңа цехтарда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі, – дейді «Қайнар-АКБ» зауытының бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.

Атап өтсек, жыл соңына дейін облысқа тартылатын инвестиция көлемі 573 млрд теңгеге жетеді деп жоспарланған, соның 430 млрд теңгесі бюджеттен тыс инвестиция болмақ.

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»: САУМАЛДАН БАЛМҰЗДАҚ ӨНДІРЕ БАСТАДЫ

Жетісу облысында үш баланың анасы, 25 жылдан бері үй жағдайында сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын жас кәсіпкер саумалдан балмұздақ өндіре бастады. Ол өз мауарын «Бір ауыл – бір өнім» көрмесінде таныстырған, енді кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатысу арқылы өндіріс процесін автоматтандыруды жоспарлап отыр.

Сарқан ауданы Сарқан қаласының тұрғыны Райгүл Закарияқызына үй жағдайында балмұздақ өндіру туралы ойды алғаш кенже ұлы айтқан екен. Бие сүтінің емдік қасиеттерін ескере отырып, ол балмұздақ жасауға саумалды пайдаланғанды жөн көрген. Сөйтіп балмұздақтың құрамына үйдің қаймағы мен бал қосып, өз рецепті жасап шықты. Отбасы мүшелері оның дәмін жоғары бағалап, бұл Райгүлді өнімін одан әрі жетілдіруге ынталандырды.

– Отбасында үш ұл тәрбиелеп отырмыз. Тұрмысқа шыққан соң жұбайым екеуімді мал шаруашылығымен айналыстық. Бұл саланың қыр-сырын меңгеріп, жұмыс істеп жүргеніме шамамен 25 жыл болды. Әрине, еңбегі ауыр. Жаз айларында таңғы сағат 3 жарымнан, қыста 5-тен тұрамыз. Спыр, бие ұстаймыз. Жолдасым мал күтімімен, ал мен сүттен тағам жасау жұмыстарымен айналысамын. Құрт, май, қымыз және басқа да өнімдер дайындаймын. Оларды жергілікті тұрғындар жақсы алады. Ал жаз мезгілінде тіпті Алматы, Астана, Атырау қалаларынан да келіп, емдік саумал ішетіндер бар. Ал кейінгі кезде кенже балам балмұздақты қатты жақсы көретіндіктен, мен балмұздақты үй жағдайында жасап көруге бел будым, – дейді Райгүл Закарияқызы.

Сөйтіп осы таппынысының нәтижесінде жасанды қоспа мен бояусыз, ұлттық тамақтану ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған пайдалы әрі дәмді балмұздақ

алынды.

– Ежелден ата-бабаларымыз бие сүтінің жоғары емдік қасиетін жақсы білген. Сондықтан оны балалар тағамында пайдалану орынды деп есептеймін. Алайда саумалдан балмұздақты қолдан дайындауға өте ұзақ уақыт кетеді екен. Әр жарты сағат сайын ингредиенттерді жақсылап араластырып, сосын салқындатып қойып, толық қоюланғанша қайта-қайта араластырып отыру керек, содан кейін ғана 4 сағатқа тоңазытқышқа қоямыз. Сол себепті әзірге балмұздақты тек отбасымыз үшін ғана жасап жүрмін. Ал өндірісті кеңейту үшін маған арнайы жабдық керек, сондықтан мен бизнеске қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалардың біріне қатыссам деп отырмын. Оған қоса «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жартылай финалсисі атандым. Келесі жылдан бастап осы жоба аясында менің жаңа өнімімді дамытуға қолдау көрсетіледі, – деді жас кәсіпкер.

Жетісу облысының Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының мәліметіне қарағанда, бұл жоба оны іске асырудың барлық кезеңдерінде толық сүйемелденеді. Оған маркетинг негіздері, қаржылық сауаттылық және жалпы кәсіп жүргізу қағидадары бойынша оқыту да кіреді.

– Райгүл Закарияқызының өнімі жоғары сапалы. Қаңтар айынан бастап біз оның өнімін сертификаттау жұмысын бастаймыз. Кейін қаптамасын әзірлеумен қатар, кәсіпкердің білімін арттыру



бағытында да бірлесіп жұмыс істейтін боламыз. Біздің басты мақсатымыз – үй жағдайында жасалатын өндірісті нарыққа шығару. Мысалы, «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалсистері де бастапқыда Райгүл секілді өз ісін шағын көлемде бастаған. Қазір олар өз өнімдерінің түрлерін көбейтіп, жергілікті дүкендерге, сондай-ақ Алматы қаласына да шығарып отыр. Біз оларға жеке бренд қалыптастыруға көмектестік деп айта аламыз. Мысалы, Көксу ауданында бал және басқа да ара шаруашылығы өнімдерін дайындайтын кәсіпкер Әйел, сол сияқты әжелеріміздің көне рецепті бойынша ашытқысыз нан пісіретін ақсулық тұрғын, осындай табысты мысалдар көп. Біздің облыс тұрғындары еңбекқор, үнемі дамуға ұмтылады. Ал біздің мақсатымыз – олардың идеяла-

рын нақты, тұрақты табыс әкелетін бизнеске айналдыруға қолдау көрсету, – деді облыстық Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының менторы Светлана Оңғарбаева.

Атап өтсек, биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, Жетісу облысында 62 740-тан астам белсенді шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,3%-ға көп. Сонымен қатар «Бір ауыл – бір өнім» жобасы іске асырыла басталғалы бері 9 финалист мемлекеттік грант иегері атанып, жалпы сомасы 45 миллион теңге көлемінде қолдау алған. Жалпы биылғы жылы өңірде шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары аясында субсидиялар, кепілдіктер және гранттар беру арқылы түрлі 111 жоба қаржыландырылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ, Жеңіс ЫСҚАБАЙ, Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ПОСЛАНИЕ – В ЖИЗНЬ

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И КАДРЫ –

ОСНОВА ВОДНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА

Решение водных проблем – один из важнейших факторов социальной стабильности, устойчивого развития экономики и национальной безопасности. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу страны особо подчеркнул, что «вода – это стратегический ресурс, без которого невозможно жизнь», и поручил придать водной сфере приоритетное значение в процессе национальной цифровой трансформации.

НОВАЯ ЦИФРОВАЯ ЭРА ДЛЯ ВОДНОЙ СИСТЕМЫ

За последние два года Казахстан выстроил институциональную основу для эффективного управления водными ресурсами. Принят новый Водный кодекс, создано Министерство водных ресурсов и ирригации, определены масштабные задачи, которые требуют не разовых, а системных решений.

Одним из центральных направлений реформы станет создание Национальной цифровой платформы водных ресурсов, которая объединит данные о поверхностных и подземных водах с помощью технологий искусственного интеллекта. Как отметил вице-министр водных ресурсов и ирригации Аслан Абдраимов, система позволит осуществлять мониторинг состояния водных объектов в режиме реального времени, прогнозировать потребности регионов и определять водный баланс страны.

Разработка платформы уже ведется при поддержке Евразийского банка развития и будет завершена к концу 2026 года. Это станет прочной основой для формирования Национального водного баланса, необходимого для долгосрочного планирования и привлечения инвестиций в отрасль.

МОДЕРНИЗАЦИЯ И АВТОМАТИЗАЦИЯ ГИДРОСИСТЕМ

С 2026 года в Казахстане начнется реконструкция и автоматизация 103 ирригационных каналов, а до 2030 года цифровые технологии охватят не менее 40% водной инфраструктуры. Кроме того, в регионах реализуется программа по приему 120 гидротехнических сооружений в государственную собственность. Это позволит обеспечить их безопасную эксплуатацию, своевременный ремонт и эффективное управление.

Отдельное внимание уделяется объектам в области Жетісу. Здесь завершена реконструкция Кызылагашского водохранилища, что позволило повысить уровень безопасности во время паводков и обеспечить стабильную подачу поливной воды на 6,6 тысячи гектаров сельхозугодий.

ЭЛЕКТРОННЫЕ ДОГОВОРЫ И БОРЬБА С «ЧЕРНЫМ РЫНКОМ» ВОДЫ

Одним из шагов к прозрачности станет внедрение биллинговой системы. С 2026 года все договоры между РГП «Казводхоз» и водопользователями будут заключаться исключительно в онлайн-формате. Оплата будет осуществляться через мобильные банковские приложения. Это нововведение позволит прекратить нелегальные схемы и теневой оборот воды, обеспечив полный контроль распределения ресурсов.

ЛЮДИ ВОДНОЙ ПРОФЕССИИ — ОСНОВА РЕФОРМ

Водная отрасль — это не только технологии, но и люди. Министерство водных ресурсов и ирригации последовательно реализует меры по повышению заработной платы и профессиональной подготовки специалистов. С 1 июля 2025 года зарплата 25 тысяч работников РГП «Казводхоз» увеличены на 35–50%, а временные сотрудники переведены на постоянную занятость.

Для подготовки новых кадров в 2025–2026 учебном году выделено 1052 гранта на обучение по специальностям водного хозяйства. Количество вузов, выпускающих таких специалистов, выросло с 9 до 13, а число студентов увеличилось на 71%. Многие проходят практику на объектах отрасли, а действующие специалисты повышают квалификацию за рубежом, в частности, в Китае, по программе Power China, где обучение уже прошли более 60 инженеров.

ВОДОСБЕРЕЖЕНИЕ — ПРИОРИТЕТ ДЛЯ АГРАРИЕВ

Серьезное внимание уделяется внедрению водосберегающих технологий. Благодаря государственной поддержке площадь их применения выросла на 86% — с 312 до 581 тысячи гектаров.

В стране открываются предприятия по производству систем капельного орошения и дождевальных установок. В Туркестане и Жамбылской области уже работают совместные казахстано-китайские и турецкие проекты, охватывающие десятки тысяч гектаров сельхозугодий.

ВОДА КАК ЧАСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕОЛОГИИ

«Бережное отношение к воде и окружающей среде должно стать неотъемлемой частью национальной идеологии», — подчеркнул Президент Казахстана. Эти слова сегодня воплощаются в конкретные действия — модернизацию, цифровизацию и устойчивое развитие водной отрасли, где каждый литр воды становится ресурсом будущего.

Казахстан делает уверенные шаги к тому, чтобы превратить водную сферу в современную, технологичную и безопасную систему — гарантию процветания страны и благополучия ее граждан.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

СТАБИЛЬНЫЙ БИЗНЕС В УСЛОВИЯХ ВЫСОКОЙ КОНКУРЕНЦИИ

Каждое успешное дело начинается с простой идеи. Для Маржан Сейдуллаевой этой идеей стала любовь к домашней кухне и желание помочь женщинам в экономии времени.

— Больше двадцати лет я работала в общепите, руководила рестораном и времени не было на приготовление обычной домашней еды. Мечтала: вот был бы производственный цех, где можно было купить вкусные полуфабрикаты и не тратить время на готовку. И здесь свои коррективы внесла пандемия — высвободилось время и пришла идея помочь хозяйшкам сэкономить время на приготовлении еды. Так появилась компания «Altyn Qasyq», — рассказывает Маржан Сейдуллаева.

По ее словам, домашние полуфабрикаты — пельмени, манты, вареники — всегда востребованы. Их едят круглый год, и в отличие от ресторанного бизнеса, здесь нет сезонных рисков. Более того, для старта этого дела не потребовались крупные инвестиции, достаточно было умения, желания и упорства.

В 2020 году Маржан Сейдуллаева зарегистрировала индивидуальное предпринимательство «РенМар» и начала производство полуфабрикатов в собственном доме. Готовая продукция продавалась в ближайших магазинах города Талдыкоргана. Она сразу же завоевала популярность благодаря тонкому тесту, сочному мясу и натуральным ингредиентам.

В 2021 году был построен магазин и производственный цех по производству полуфабрикатов. Проработав в данном направлении и поняв, что спрос растет, предприниматель начала расширение. Она об-



ратилась в АО «Банк ЦентрКредит» и получила кредит на инвестиции, а именно на строительство пристройки к действующему цеху. Проекту была предоставлена гарантия Фонда «Даму» по программе «Гарантийный Фонд».

— Сегодня в нашей команде работают фанаты своего дела: профессиональные повара готовят как для своих родных, а я тестирую каждый новый рецепт и пока он не будет доработан до идеала — его не будет в продуктовой линейке, — поясняет вдохновитель и руководитель проекта. — Мы соблюдаем все санитарно-гигиенические нормы и не стесняемся показывать закуску, где идет производственный процесс. Все ингредиенты покупаем самостоятельно у проверенных поставщиков, делаем сами фарш и все заготовки. Не используем синтетические красители, ароматизаторы и консерванты. Наши полуфабрикаты имеют минимальный набор ингредиентов, а для цветных мант и пельменек мы используем только овощные соки и специи.

Кроме этого по желанию клиентов исключаются ингредиенты, которые нельзя употреблять по состоянию

здоровья, и более того — разработана диетическая линейка вместе с врачом диетологом.

Разнообразие продукции поражает — более 50 позиций и каждый может выбрать для себя любимое блюдо и попробовать что-то новенькое. Вместе с этим есть большие и малые сети, куда входят горячее, салаты и разнообразная выпечка (самса, чебуреки, блины с мясом, баурсаки, лепешки, булочки, печенье, пирог), то есть сразу готовый дастархан для гостей, когда хозяйка не успевает приготовить сама. Для желающих предусмотрена и доставка отдельной продукции прямо до двери дома.

Ну а о вкусе и красоте полуфабрикатов, сдобы и сладостей могут говорить только клиенты, которые, по словам предпринимателя, возвращаются к ним снова и снова.

Одним словом, «Altyn Qasyq» — это пример того, как можно превратить домашнее увлечение в стабильный бизнес, даже в условиях кризиса и высокой конкуренции. Маржан Сейдуллаева сделала ставку на качество, традиции и честный подход к выбору качественных продуктов. Сегодня ее продукция известна и любима в Талдыкоргане и за его пределами. А впереди еще планы на расширение и покорение новых рынков.



ЗАБОТА О ЗЕЛЕННЫХ ЛЕГКИХ РЕГИОНА



Инициатором Главы государства республиканская экологическая акция «Таза Қазақстан» направлена не только на благоустройство населенных пунктов и поддержание чистоты, но и на защиту и увеличение лесного фонда страны. В области Жетісу эта работа ведется системно и последовательно.

Так, управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу и его подведомственные организации — семь коммунальных государственных учреждений лесного хозяйства и КГУ «Оперативная служба по охране животного мира» — регулярно проводят мероприятия по предупреждению лесных пожаров, воспроизводству лесов, лесоразведению, а также пресечению нарушений природоохранного законодательства.

Ведь, как отмечают специалисты, «на счету каждое дерево»: лесные угодья региона занимают всего 334,9 тысячи гектаров, и этот показатель необходимо увеличивать.

В 2025 году лесопосадочные работы в области запланированы на площади 3365,7 га. До конца года на 193,5 га будет высажено 712,5 тысячи саженцев, а еще на 3172 га произведен высев 14,2 тонны семян саксаула черного. Основное внимание уделяется лиственным породам

— тополи, вязу, иве, березе и яблоне Сиверса, наиболее устойчивым к местным климатическим условиям.

С начала года для профилактики нарушений природоохранного законодательства на землях государственного лесного фонда проведено 887 рейдов, выявлен 61 противоправный факт. Среди них — незаконные порубки деревьев, несанкционированный выпас скота, загрязнение лесных территорий бытовыми отходами. Нарушители привлечены к административной ответственности, общая сумма штрафов превысила 900 тысяч тенге, ущерб, нанесенный лесу, составил более 400 тысяч тенге.

Особое внимание уделяется предупреждению лесных пожаров. В этом году проведен уход за 1523 км минерализованных полос, защищающих лесные массивы региона, дополнительно создано еще 5 км новых полос. Для повышения экологической культуры населения и профилактики возгораний установлено более 200 новых аншлагов, панно и билбордов на противопожарную тематику.

Эти меры призваны не только сохранить существующие леса, но и приумножить «зеленые легкие» Жетісу — один из главных природных ресурсов, от которого напрямую зависит экологическое благополучие региона.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

ҚАРАТАЛДЫҢ ЖАҒАЛАУЫН ДАМУЫ ЖОБАСЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Қаратал өзенінің оң жағалауын дамытуға бағытталған жобаның дайындық барысын көру үшін жауапты мердігер ұйымның өкілін қабылдады.

Жиында жобалаушы ұйым «Бақытжан» серіктестігі аумақты электр, ауыз су, көріз және газ жүйелерімен қамтамасыз етуге бағытталған инфрақұрылымдық жобаны таныстырды.

Бұған дейін Ернат Бәзіл жобаның алғашқы нұсқасын қарап, бірқатар толықтырулар мен нақтылаулар енгізуді тапсырған болатын. Қала басшысы қайта ұсынылған жаңартылған нұсқаның кей тұстарын өлі де пысықтау қажеттігін атап өтті.

Ернат Бәзіл, Талдықорған қаласының әкімі:

– Қараталдың оң жағалауын дамыту бұл қаламыздың болашақ кеңістігін қалыптастыратын маңызды бағыт. Инфрақұрылымдық жүйелерді сапалы әрі тиімді жобалау кейінгі құрылыс пен тұрғын үйлердің табысты дамуының негізі. Сондықтан әрбір техникалық шешім мұқият есептеліп, заманауи стандарттарға сай болуы керек, – деді.

Ауқымды жоба 2026–2027 жылдары бастау алады деп жоспарлануда.



ЖАРЫҚТАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Алматы – Өскемен» автожолының 253-254 шоқырымында, яғни «3 бөлімше» елгі мекені мен Талдықорған қаласының кіреберісі аралығында жарықтандыру тіректері іске қосылып, жарық берілді.

Сонымен қатар, өңірдегі республикалық маңызы бар автожолдар бойында ағымдағы жылы іске асырылып жатқан жобалар аясында «Сарыөзек - Көктал» (Сарыөзек елді мекенінің іші, Қызылжар, Қаспан, Қарымсақ және Алтын емел ауылдарының қиылыстарында, Қоңырөлең және Ақжазық ауылдары бойында), «Талдықорған – Үшарал» (Абай, Қойлық,

Бақалы, Қарабөгер, Әлемді ауылдарының қиылысында) және «Қонаев - Талдықорған» (Арқарлы асуы) автожол учаскелерінде қосымша жарықтандыру тіректері орнатылды. Бүгінгі күні, орнатылған тіректерде іске қосыреттеу жұмыстары жүргізілуде.

Атқарылып жатқан жұмыстарды ағымдағы жылдың 15 желтоқсанына дейін аяқтау жоспарлануда.

Жалпы, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жарықтандыру жүйесін орнату – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жол пайдаланушылардың жайлылығын арттыруға бағытталған маңызды шара болып табылады.

Дерек көзі: @qaj_jetisy

«ЕУРАЗИЯ АЛЛЮМИНИЙ» ЗАУЫТЫ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл алюминий қалдықтарын қайта өңдеумен айналысатын «Еуразия Аллюминий» зауытына барып, кәсіпорынның өндірістік үдерісі мен даму жоспарымен танысты.

«Еуразия Аллюминий» қайта өңделген алюминийді жинау, балқыту және құйма түрінде өндіретін заманауи кәсіпорын. Қазіргі таңда мұнда 15 қызметкер еңбек етуде. Өндіріс экологиялық таза әрі тиімді технологиялар негізінде жүзеге асырылады. Зауыттың жалпы аумағы 1 200 шаршы метрді құрайды. Мұнда өндірістік цех, қойма және өкілшілік ғимараттар орналасқан.

Кәсіпорын 1 млрд теңгеге жуық инвестиция есебінен іске асырылған. Шикізат ретінде қайта өңделетін алюминий қалдықтары доңғалақ дискілері, консерві банкілері мен қозғалтқыш бөлшектері пайдаланылады. Зауыт өнімдері қазірдің өзінде Қазақстанның түрлі өңірлеріне жеткізілсе, алдағы уақытта Қытай, Өзбекстан және Ресей нарығына экспорттау жоспарланған.

Қала әкімі кәсіпорынның экологиялық бағыттағы жұмысын жоғары бағалап, мұндай жобалардың өңір экономикасы үшін маңыздылығын атап өтті.

– Мұндай өндірістер қаланың индустриялық әлеуетін арттырып қана қоймай, экологиялық мәдениетті дамытуға да өз үлесін қосады. Өкімдік кәсіпорнлерге қолдау көрсетіп, осындай жобаларды дамытуға жағдай жасауды жалғастырады, – деді Ернат Бәзіл.

Кәсіпорын алдағы уақытта жасыл технологиялар мен энергия үнемдеу жүйелерін енгізу арқылы экологиялық таза өндірісті одан әрі жетілдіруді көздеп отыр.

«ЖАСТАР-3» ТАБИҒИ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛДЫ

Талдықорған қаласында тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытында тағы бір маңызды жоба жүзеге асты. «Жастар-3» жаңа тұрғын үй алабының тұрғындары енді толықтай табиғи газбен қамтылды.

Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында және қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мақсатында атқарылды.

Мемлекет басшысының өңірлерде жаңа тұрғын үй алаптарын салу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолдауымен «Жастар-3» жаңа тұрғын үй алабында жеке үйлер салу туралы шешім қабылдаған болатын. Жобаның басты мақсаты – әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Аталған бастама аясында өткен жылы 56 тұрғын үй сатып алынып, 2025 жылдың ақпан айында кезекте тұрған әлеуметтік осал топ өкілдеріне пайдалануға

берілді. Мамыр айында көгілдір отын тарту бағытында құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, қыркүйек айында толық аяқталды. Қазіргі таңда «Жастар-3» тұрғын үй алабының барлық 56 тұрғыны табиғи газбен толық қамтылды.

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, бұл бастама қала халқының өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды жоба болып табылады. «Жаңа тұрғын үй алаптарын инфрақұрылыммен қамту – біздің басым бағыттарымыздың бірі. Табиғи газға қосылған үйлер тұрғындарға жайлы өмір сүруге мүмкіндік береді», – деді қала әкімі.

Жалпы «Жастар-3» тұрғын үй алабында тағы 251 үй сатып алу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда оның 123-і сатып алынды, қалған 128 үй жыл соңына дейін пайдалануға берілетін. Аталған тұрғын үй алабы бүгінде табиғи газбен толық қамтылған. Сонымен қатар, мұнда қажетті инженерлік инфрақұрылым жүйелері – ауыз су желісі, көріз жүйесі және түнгі жарықтандыру жұмыстары толық жүргізілді.

ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласының қызметкерлері кәсіби мерекелеріне орай марапатталды.

Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы Ербота Садырқұлов сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қаланың цифрлық инфрақұрылымын дамытудағы еңбегін ерекше атап өтті.

– Бүгінгі таңда цифрландыру уақыт талабы. Қаламыздың барлық саласында заманауи технологияларды енгізу мен ақпараттық жүйелердің тиімді жұмыс істеуі сіздердің еңбектеріңізге

тікелей байланысты. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің арқасында Талдықорған «ақылды қала» бағытында тұрақты дамып келеді. Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын, еңбектеріңізге табыс тілеймін!, – деді Ербота Садырқұлов.

2018 жылы құрылған Ақпараттық-талдау орталығында бүгінде 16 қызметкер еңбек етеді. Олар қаланың цифрлық инфрақұрылымын жетілдіру, ақпараттық жүйелердің тиімді жұмысын қамтамасыз ету бағытында табысты қызмет атқарып келеді.

Мереке қарсаңында үздік қызметкерлер қала әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарымен марапатталды.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қала әкімі Ернат Бәзіл облыс орталығы Талдықорған қаласының қысқы маусымға дайындық барысын тексерді.



Қала басшысы қысқы маусым кезінде қар тазалауға жауапты мердігер ұйымдардың жұмыс барысымен танысып, жол және жаяу жүргіншілер жолдарын қардан тазалайтын арнайы техникалардың дайындығын қарап шықты. Сондай-ақ, бірқатар мәселелерге тоқталды.

– Бүгін қаланың қысқы маусымға дайындық барысын көріп, арнайы техникалардың жай-күйін аралап өттім. Барлық жауапты мердігер мекемелердің инертті материалдар қоры мен техникалары жеткілікті. Алдағы қысқы маусымға толықтай дайынбыз, – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Қызмет көрсетілетін аумақтың жалпы ұзындығы 331,8 шақырым. Оның ішінде 225 көше, 84 жаяу жүргіншілер жолы және 213 аялдама кешені бар, соның 21-і – «Смарт» аялдамалар.

Қазіргі таңда 123 бірлік арнайы техника дайындалып, 4 400 тонна құм, 1 100 тонна тұз қоры алынған.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА


Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бағдарлама аясында қала аумағында жол жиектерін, саябақтар мен скверлерді тазалау, сондай-ақ арық желілерін ретке келтіру шаралары қолға алынған. Бұдан бөлек, қоғамдық көлік аялдамалары мен көше бойындағы шағын архитектуралық нысандар да жаңартылуда.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде күз мезгілінде қала аумағына 10 мыңнан астам ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланған болатын. Қазіргі уақытта оның 7 мыңнан астамы егілді. Отырғызылған ағаштардың басым бөлігі жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар.

Қуаныш Сейтімбетов, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары:

– «Таза Қазақстан» бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған маңызды бастама. Бүгінде қала аумағын көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау және тұрмыстық қалдықтарды дұрыс басқару мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Күзгі тазалық айлығы аясында тек коммуналдық мекемелер ғана емес, білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар да белсенді қатысып жатыр. Негізгі мақсат Талдықорғанды таза әрі жайлы қалаға айналдыру, – деді.



12 МЫҢ ТҮП АҒАШ КӨШЕТІ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Талдықорған қаласының Оңтүстік-батыс тұрғын ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында 700 түп ағаш көшеті отырғызылды. Ігі іске қала жастары мен еріктілер белсене қатысып, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосты.

Бұл бастама қаланы көгалдандыру және тұрғындарға қолайлы экологиялық орта қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылуда. Жалпы аталған аумақта 1 800 түп ағаш отырғызу жоспарланған.

Бүгінгі күні алғашқы 700 түп ағаш егілсе, қалған көшеттерді отырғызу жұмыстары алдағы уақытта кезек-кезектен жалғасады. Барлық ағаштар өңірдің ауа райына бейімделген және оларға арнайы күтім мен суару жүйесі ұйымдастырылған.

Сонымен қатар Талдықорған қаласындағы белсенді жастардың қатысуымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Қаратал» шағын ауданында, Жансүгіров көшесі бойына және №17/1 үйдің маңына 120 түп ағаш көшеті егілді.

Жалпы қала аумағында биыл 12 мың түп ағаш отырғызу жоспарланған. Оның 1 800-і көктем мезгілінде егілсе, қалған 10 мыңнан астамы күз мезгілінде отырғызылуда. Бүгінгі күнге дейін қала аумағында 7 мың түптен аса ағаш көшеттері егілген.

Қалаға егілетін барлық көшеттер өңірдің ауа райына бейімделген жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар.

Аталған аумақта автоматты суару жүйесі орнатылып, көшеттерге қажетті су үздіксіз қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, жасыл желектерге күтім жасау, аумақты таза ұстау және санитарлық жағдайды бақылау мақсатында арнайы қызмет көрсетуші ұйым жұмыс істейді.

– Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру біздің басты мақсатымыз. Биыл егілетін ағаштардың барлығы жергілікті климатқа бейімделген және олардың күтімі тұрақты түрде бақыланады, – деді қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қала аумағында абаттандыру жұмыстары да қарқынды жалғасып жатыр.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ

ӘЙЕЛ. БИЗНЕС. БОЛАШАҚ.
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАМАНЫ

«Respublica» партиясының Жемісу облыстық филиалы мен «ReWomen» қауымдастығының ұйымдастыруымен, серіктестер мен бизнес-тәлімгерлердің қолдауымен «Әйел. Бизнес. Болашақ. Жасанды интеллект заманы» атты аймақтық форум өтті.

«Respublica» партиясы жанындағы «ReWomen» әйелдер қауымдастығы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Партияның сайлауалды бағдарламасының «Бақытты қазақстандықтар – бақуатты қазақстандықтар! Бизнес орта әл-ауқаты – елдің әл-ауқаты!» бағытын тиімді жүзеге асыруға ықпал ету мақсатында құрылған. Осы орайдағы аталмыш шараның мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған цифрландыру, бизнесті қолдау және саяси жүйені жаңғырту бағыттарын өңірлік деңгейде ілгерілету, сондай-ақ, әйел кәсіпкерлер арасындағы серіктестік пен тәжірибе алмасуды дамыту. Өңірдің белсенді және іскер кәсіпкерлері қатысып, Президент Жолдауында айтылған негізгі бастамаларды талқылап, оларды өз жобалары мен қауымдастықтарының дамуына бағытталған нақты іс-шараларға айналдыру жолдарын қарастырды. Форум аясында қатысушылар алдағы жылғы салық саясаты: кәсіпкерлер мені қазірден бастап білуі қажет, жаңа жұмыс орындарын ашып, өзгелерге үлгі болып жүрген кәсіпкерлердің табыс тарихтары, «Бизнестің мүддесін қорғау және жаңа идеяларды қолдау» тақырыбында Мәжіліс депутаттары мен «Respublica» партиясы өкілдерінің қатысуымен ашық диалог өткізілді.

Айдана ТОҒЫЗБАЕВА, «Respublica» партиясының Орталық аппараты басшысының әйелдер кәсіпкерлігі жөніндегі кеңесшісі:

– Мемлекет басшысы Жолдауында: «Елдің цифрлық дамуының қозғаушы күші – кәсіпкерлер болуы керек» деп нақты айтты. Біз, әйел-кәсіпкерлер – сол күшпіз. Re.Women – әйелдердің



әлеуетін жүйелі нәтижеге айналдыруға атсалысатын ашық платформа. Миссиямыз – Қазақстан әйелдерін біріктіру, өсу құралдарын беру, ықпал ету алаңын ұсыну. Қосылу үшін партия мүшелігі шарт емес: өсу, бөлісу, әрекет ету ниеті жеткілікті. Төрт басымдық: имидж – белсенді, ықпалды әйел-кәсіпкер бейнесін ілгерілету, оқыту – мастер-класс, тренинг, менторлық, қаржыландыру – грант, субсидия, жеңілдетілген несиеге қолжеткізуге көмек, әлеуметтік жобалар – өмір сапасын жақсартатын бастамалар. Осы құндылықтарды кәсіпке, серіктестікке және әлеуметтік жауапкершілікке айналдырайық: бүгін бір идеяны іске қосып, бір әйелге демеу болып, бір серіктестікке қол созайық. Цифрлық дәуір бізден батыл қадам мен үздіксіз үйренуді талап етеді, ал бірлік – ең үлкен артықшылығымыз.

Форум аясында «Bizdin pREmia» сыйлығының алғашқы марапаттары табысталып, өңірдің дамуына үлес қосып жүрген жас кәсіпкерлер анықталды.

Салтанатты шараға қатысқан Талдықорған қаласының әкімі Ернат

Бөзіл «Қаламыздағы кәсіпкерлік саласын дамыту, жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, сондай-ақ, осы саладағы әйел қауымының рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылған кезекті форумда сіздермен кездесіп отырғаныма қуаныштымын. Қаламызда мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде қайтарымызсыз грант алып, кәсіпкерлікті қолға алған азаматтардың саны жыл сайын артауда. Биылдың өзінде 30 тұрғын қайтарымызсыз грант иегері атанып, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған 19 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде 37 мыңға жуық адам еңбек етуде. Бұл көрсеткіштер тек қала экономикасының ғана емес, әлеуметтік саласының даму нәтижесі болып табылатыны қуантарлық жағдай» деп іскер әйелдер отбасының тірегі ғана емес, сонымен қатар қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды қозғаушы факторы екенін атап өтті. «Үздік кәсіпкер» - Руфат Калимулин, «Білім саласындағы үздік бизнес» - «Innoverse Taldykorgan» мектебі, «Үздік кофейня» - «Olivia» кофейнясы, «Денсаулық саласындағы үздік бизнес» - «Нұр Авиценум» медициналық орталығы, «Үздік бизнес – women» - Жазилы Темірбекова,

«Үздік отбасылық бизнес» – Тандор-Хива, «Үздік агробизнес» – КХ «Матаев», «Сауда саласындағы үздік бизнес» - Көксу Айгерім, «IT саласындағы үздік бизнес» – Future IT робототехника мектебі, «Үздік кондитерлік» – «Дәмін-ай», «Қызмет көрсету саласындағы үздік бизнес» – «Обжорка» авторлық кухнясы, «Үздік жас кәсіпкер» – Асқар Рахым деп танылды.

Шерхан МҰРАТҰЛЫ, мектеп құрылтайшыларының бірі:

– «Innoverse Taldykorgan» – Жемісу облысы бойынша үздік жеке меншік мектеп деп танылып, сапалы білім мен жаңашылықтағы көшбасшылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жетістік – мектеп ұжымы, ұстаздар және барлық қызметкерлердің қажырлы еңбегінің жемісі. Сондай-ақ, бізге үміт артқан ата-аналардың сенімінің тағы бір мәрте ақталуы деп білемін. «Innoverse Taldykorgan» — білім сапасы, заманауи әдістемесі және табандылығымен ерекшеленетін облыстағы ең үздік мектеп.

Жазилы ТЕМІРБЕКОВА, «zhazilya_sweet_cake» негізін қалаушы:

– Тағы бір марапат қатарға қосылды.

Иә, бұл менің еңбегімнің, тынымсыз ізденісімнің, өз ісіме деген шынайы махаббатымның жемісі. Көзге жас келген сәттер де болды, себебі, еңбегімнің бағалануы, халықтың «бұл лайықты» деуі ең үлкен бақыт. Бұл тек бастамасы ғана. Алда әлі талай биік шыңдар бар!

Александра АРГЫНБАЕВА, «Обжорка» асханасының негізін қалаушы:

– «Обжорка» авторлық асханасы кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі, еңбексүйгіштігі, көшбасшылығы үшін «Қызмет көрсету саласындағы үздік бизнес – 2025» номинациясы бойынша дипломмен марапатталды. Бұл марапат – көп жылғы еңбектің, сапаның және өз ісін деген құштарлықтың нәтижесі. «Обжоркада» жасалған әрбір өнім біздің тұтынушыларға деген қамқорлығымызды, дәстүрді құрметтеуді және жоғары жетістіктерге ұмтылуымызды көрсетеді. Мен марапатты ұйымдастырушыларға, тұрақты тұтынушыларымызға және осы жолда маған қолдау көрсеткендердің барлығына алғыс айтамын. Бұл марапат бізді алға жылжуға, дамытуға және жаңа дәмдерді жасауға шабыттандырады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

15 ҚАРАША – ТЕҢГЕ КҮНІ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ТАРИХЫ

► 1991 жылы 16 желтоқсан «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданды.

► 1993 жылы 13 сәуір Қазақ КСР Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып қайта құрылды. 14 сәуір Банк қызметі туралы заң қабылданды. 15 қараша Тәуелсіз Қазақстанның жаңа валютасы – теңге айналымға шықты.

► 1995 жылы 1 тамыз Қазақстан теңге сарайынан коллекциялық монеталардың алғашқы тиражы шықты. Серия Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына арналды. 19 мамыр Ұлттық Банктің Банкнот фабрикасы ашылды.

► 1996 жылы 19 ақпан Қазақстан теңге сарайы «Жібек жолы» сериясын – алғашқы инвестициялық монеталарды айналымға шығарды.

► 2006 жылы Теңге дизайны жаңартылды: айналымға «Бәйтерек» монументі бейнеленген жаңа ақша сериясы шықты.

► 2011 жылы Банкноталар қатарына «Қазақ Елі» монументі бейнеленген жаңа серия қосылды.

► 2023 жылы 8 қараша KOKBORI атты жаңа инвестициялық монеталар сериясы айналымға шықты. 15 қараша «Сақ стилі» атты теңгенің жаңа сериясы таныстырылды.

► 2025 жылы 17 наурыз ҰКІ инвестициялық монетасы мен оның Gold Coin түріндегі цифрлық баламасы айналымға шығарылды.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы қалай жасалды?

Мемлекеттік комиссия ұлттық валютаны айналымға енгізу жөніндегі жұмыс тобын құрды. Алғашқы теңгенің дизайнына танымал суретшілер мен дизайнерлер – Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Досбол Қасымов және Хайрулла Ғабжалилов жауапты болды. Жұмыс архив құжаттарын зерттеуден басталды, Қазақстандағы ақша өндірісі мен айналымының тарихы туралы мәліметтер қаралды.

Алғашқы банкноталар қандай еді?

Алғашқы банкноталарды бейнелі түрде «Портреттер» деп атауға болады. Алғашқы теңге дизайнына тән ерекшелік – ғылым, өнер, мәдениет және мемлекетті қалыптастыруға зор үлес қосқан әйгілі тұлғалардың бейнеленуі. Банкноталардың келесі бетінде қазақ жерінің табиғи ландшафты – Бурабай, Іле Алатауы,



Балқаш көлі, сондай-ақ атақты мешіттер мен кесенелер бейнеленді.

Неліктен теңгені әлемдегі ең жақсы қорғалған валюта дейміз?

Жоғары технологиялық және сапалы өнімдер шығару үшін Банкнота фабрикасы әлемдегі түрлі бәсе тәсілдерін, сондай-ақ әртүрлі комбинацияланған баспа әдістерін қолданады. Теңге банкноталарындағы қорғаныс элементтерінің қатарында банкноталар мен басқа да қорғалған полиграфиялық өнімдерді әзірлеуде қолданылатын қорғалған қағаз, бояулар, қорғаныс деңгейлері бар голографиялық фольга, полимер мен пластик негізіндегі субстраттар бар. Қазақстан Ұлттық Банкі жаңа мерейтойлық және ескерткіш банкноталарды шығарған кезде қорғаныс элементтері саласындағы ең жаңа әзірлемелерді қолданып, үздіксіз жетілдіріп отырады.

Қазақстандағы монета өндірісі

1992 жылы Өскемен қаласындағы Үлбі металлургиялық зауытында Қазақстан монета сарайы құрылды. 1993 жылы айналымға шыққан алғашқы монеталар осы жерден шығарылды. Қазақстанның монета сарайы – Монета сарайлары қауымдастығының мүшесі. Бұл қауымдастыққа жетекші монета сарайлары мүшелікке шақырылады. Мәселен, олардың қатарында мың жылдық тарихы бар Англия Корольдігі монета сарайы бар.

Ақпарат ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтынан алынды



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

ӘРБІР ӘРЕКЕТ ЗАҢ АЯСЫНДА
ҒАНА ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

Қоғамның ең өзекті мәселелерін көтеріп, халық пен биліктің арасында тығыз қатынас орнатуда қоғамдық кеңестің рөлі орасан. Қоғамдық кеңес-жергілікті билік органдарының қабылдайтын шешімдерінің жариялы, ашық болуын қамтамасыз ететін кеңесші әрі бақылаушы орган болып табылады.

Мемлекеттік қызмет қашанда қоғамның бақылауында болуы керек. Президент талабы да осы. Кеңес мүшелері қаламыздың өзекті мәселелерін ортаға салып, халық өкілдерінің тиімді ұсыныстарын билікке жеткізуде аянбай еңбек етуде. Барлық әрекет әрине заң аясында жүргізіледі. Күні кеше ғана Талдықорған қалалық қоғамдық кеңесінің 10-шы отырысы өтіп, оның күн тәртібіне Талдықорған қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға төмендету туралы және 31 қазанда ТМРҚД өткізген жылу тарифтерін көтеру жөніндегі жария тыңдаулардың қоғамдық тыңдауларды өткізудің белгіленген ережелеріне сәйкес еместігін хабарлау туралы мәселе қойылды. «Талдықорған қаласының кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы Батыржан Жексембі кеңес мүшелерін Талдықорған қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға төмендету туралы Талдықорған қалалық мәслихаты шешімінің жобасымен таныстырды. 2026 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізілетін шешім бойынша арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Талдықорған қаласы бойынша 4 пайыздан 2 пайызға төмендетіледі. Кәсіпкерлер үшін өте тиімді салық мөлшерлемесін кеңес мүшелері бірауыздан мақұлдады. Екінші мәселе-жылу тарифтерін көтеру жөніндегі жария тыңдаулардың қоғам өкілдерінің қатысуынсыз өтуіне байланысты, қоғамдық тыңдауларды өткізудің белгіленген ережелеріне сай келмеуі себепті заңсыз деп танылуын кеңес мүшелері бірауыздан құптады. Жария тыңдауды өткізуге жауапты мекеме басшыларына заң аясында ғана әрекет ету қажеттігі айтылып, оны қайтара өткізу ұсынылды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазақстанда ұстаздарға жасанды интеллектті оқу процесіне тиімді енгізуге бағытталған «Ustazga AI» бірлескен жобасы басталды. Бастаманы «AMANAT» партиясы мен Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бірлесе жүзеге асыруда.

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында берілген тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Осы бағыттағы нақты қадам ретінде биылғы «Мұғалім Talks» кейс-платформасында ҚР Парламенті Мәжілісінің және «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов мұғалімдерге арналған Daryn.ai платформасының іске қосылғанын жариялады.

Жобаның басты мақсаты – педагогтерді жасанды интеллект технологияларын тиімді әрі жауапты қолдануға үйрету, олардың жұмыс жүктемесін азайтып, оқыту сапасын арттыру. Сонымен қатар, бағдарлама цифрландыру мен білім беруде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі таңда жоба аясында Талдықорған қаласында «Daryn Ustaz» онлайн оқыту курстары басталды. Үш деңгейлі тегін бағдарлама ұстаздарға жасанды интеллект құралдарын оқу процесіне енгізіп, уақытты үнемдеуге және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Ustazga AI» жобасы үш негізгі кезеңнен тұрады: Тегін онлайн курс. Барлық қазақстандық мұғалімдерге арналған «Жасанды интеллект педагогтың көмекшісі ретінде» атты тегін онлайн курс Daryn.ai платформасында

– Педагогикалық хакатон. Онлайн оқуды аяқтаған мұғалімдер арасынан үздік 400 педагог іріктеліп, «Мұғалім AMANAT» хакатонына қатысады. Бұл кезеңде ұстаздар «Мектепке арналған ЖИ шешімі» тақырыбында өз жобаларын қорғайды. Ең үздік 20



мұғалім халықаралық тағылымдамаға жолдама алады.

– Халықаралық тағылымдама. Хакатон жеңімпаздары 2026 жылдың маусым айында Оңтүстік Кореяда өтетін 7 күндік тағылымдамаға қатысып, білім беру саласындағы ЖИ технологияларын енгізудің үздік тәжірибесін зерделейді.

«Daryn Ustaz» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығының директоры Ерлан Әуелбекұлының айтуынша, бұл жоба педагогтердің кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтеріп, білім беру жүйесін технологиялық тұрғыда жетілдіруге мүмкіндік береді:

«Жасанды интеллект – ұстаздың орнын баспайды, керісінше, оның ең сенімді көмекшісіне айналады. «Ustazga AI» жобасы арқылы мұғалімдер жаңа технологияны өз жұмысына тиімді қолдануды үйреніп, оқушылардың білім сапасын арттыра алады», – деді ол.

Жоба еліміздің барлық өңірлерінде кезек-кезеңімен жүзеге асырылады. «AMANAT» партиясы мен Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласын цифрландыру және заманауи технологияларды енгізу бағытындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуді жоспарлап отыр.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ

ҰСТАЗ – ЗОР ТҰЛҒА

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі»

Ы.Алтынсарин

Жалпы алғанда мыңдаған мамандықтардың ішінде ерекше мейірімділікті, көп еңбекті, сүйіспеншілікті, білімділікті қажет ететін мамандық-мұғалім мамандығы. Өйткені, мұғалім ұдайы ізденіс үстінде болады. Балаға жақсы білім беру үшін көптеген ақпараттарды, кітаптарды, әдістемелік құралдарды зерттеп, оқып, дайындалып, жасөспірімдерге мәліметтерді жеткізу мақсатында еңбек етеді.

Бұл тек ұстаздарға тән қасиет. Мұғалім белгілі бір сабақты өткізіп қана қоймайды, ол балалармен, ата-аналармен бірлесіп рухани-тәрбиелік, қоғамдық жұмыстар атқарып, оларға ықпал етуші беделді азамат.

Ұстаздар жайлы Кеңес Одағының Батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғылымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» деген. Оқушылардың бойына адамгершілік, әдептілік, еңбексүйгіштік, патриоттық, ұлттық сана сезімді қалыптастырушы жолында «Н.Островский атындағы №8 орта мек-

теп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарды атап өткен жөн. Олар: ҚР ОАМ «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, биология пәнінің мұғалімі А.Литвинова, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, қазақ тілі пәні мұғалімі Ұ.Сапарғалиева, «Еңбек адамы» төсбелгісінің иегерлері математика пәні мұғалімі А.Мучураев, ағылшын пәні мұғалімі Р.Чакарова, қазақ әдебиеті пәні мұғалімі Р.Саурықбаева, ҚР оқу-ағарту министрлігінің, облыстық, қалалық білім бөлімдерінің, облыстық, қалалық әкімдіктің, мәслихаттың Құрмет грамоталары, Алғыс хаттардың иегерлері математика пәні мұғалімі А.Орынбаева, биология, география пәндерінің мұғалімдері Е.Захарова, Б.Сағадиева, бастауыш сынып мұғалімдері Б.Ахметов, О.Карпенко, А.Волоснов, Е.Мажиратхан, Н.Нагина, С.Нурмуханбетов, Н.Надиров т.б. Барлық мұғалімдердің еңбектеріне шығармашылық табыс, күш-жігер, оқушылардан тек жақсы нәтиже көріп, өмірлері әрқашан шаттыққа толы болсын деп тілейміз.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтпақшы, өмірімізде бір үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жатсақ, оның артында ұлағатты ұстаздардың да қосқан үлесі, еңбегі бар екенін ұмытпай, құрмет көрсетіп, біле жүрейік.

С.ДОЛАЕВ,

«Н.Островский атындағы
№8 орта мектеп» КММ директоры

ЖОБА

Талдықорған қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 726-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемесін қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Талдықорған қаласы бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетіледі.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Лауазымы

Аты-жөні

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в городе Талдықорған

В соответствии со статьей 726 Налогового кодекса Республики Казахстан, Талдықорғанский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Понизить размер ставки исчисления корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации производится налогоплательщиком самостоятельно путем применения к объекту налогообложения за отчетный налоговый период ставки в городе Талдықорған с 4 (четыре) процентов на 2 (два) процента.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность

Ф.И.О



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА

Келер жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілетін Салық кодексіндегі жаңашылдықтар, төлеу тәртібі мен мөлшері бүгінде халық назарында.

Аптаның сәрсенбісінде Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты бастама көтеріп, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі бойынша салық мөлшерлемесін төмендетуге байланысты дөңгелек үстел отырысын өткізді. Оған халық қалалықтарымен қатар мемлекеттік кірістер басқармасының, қалалық әкімдіктің, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері, кәсіпкерлер қатысты. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексі елімізде салық салу жүйесін түбегейлі реформалауды көздейді. Бұл елімізде нәсібін кәсіптен тауып жүрген азаматтар үшін бизнес жүргізудің жаңа ережелерін белгілейді. Өздеріңізге белгілі, қолданыстағы Салық кодексі бірнеше рет түзетіліп, өзгертілгенімен ол мемлекет үшін де кәсіпкерлер үшін де аса тиімді болмады. Сондықтан да жаңа құжатқа артылар үміт мол. Ол біріншіден, кәсіпкерлер мен салық органдарының жұмысын жеңілдетеді, салықтардың жиналуын арттырады, көлеңкедегі бизнестің ашық жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін болады. Ашық диалог форматында өткен талқылауға қатысқан азаматтар салық заңнамасындағы арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемесін қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін Талдықорған қаласы бойынша 4 пайыздан 2 пайызға төмендетудің тиімділігі туралы айтып, ойларын білдірді. Жалпы, бұл тиімді мөлшерлеме Талдықорған қаласы бойынша өз нәтижесін беріп, ағымдағы жылы бюджетке түсетін түсімдердің мөлшерін арттыруға мүмкіндік берді. Кәсіпкерлер оны қуана құптап отыр. Басқосу соңында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына және кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлестері үшін бірқатар белсенді қатысушыларға Талдықорған қалалық мәслихатының атынан Алғыс хаттар табысталды.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ДІН-ДІҢГЕК

ЖЕТІСУЛЫҚ ИМАМДАР КІМ МЫҚТЫНЫ АНЫҚТАДЫ

Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында «Жетісу облысы діні істері басқармасы» ММ-нің тапсырысы негізінде облыстың имамдары арасында қазақ күресінен жарыс өткізілді. Оған өңірдегі мешіттерге қызмет атқаратын 22 имам қатысты.



Шара шымылдығын ашқан Дін істері басқармасының басшысы С.Жаңабай: «Бұл турнирдің мақсаты – дін қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық спортты дамыту, имамдар арасында достық, бауырмалдық сынды қасиеттерді арттыру» – дей келе, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Өз кезегінде сөз алған облыстың бас имамы Керімбек Сәрсембайұлы да жиналғандарға ризашылығын білдіріп, ақжарма тілегін ақтарды.

Әдетте мешітте ғана көрінетін ақ сәлделі имамдардың боз кілемдегі белдесуі талайдың тандайын қақтырып, таңғалтқанын да айта кеткен жөн. Бірін-бірі жұлқа тартқан, көз ілеспес жылдамдықпен түрлі айла-тәсілдерді орындап, жеңіске жетуге жанын салған имамдар бәсекесін тамашалауға келген жанкүйерлердің делебесі қозып, қиқулаумен болды. Ердің намысы сыналға сайыста мешіт қызметкерлері кәсіби спортшылардан кем өнер көрсетпеді.

Тартысқа толы болған жарыс қорытындысы бойынша Алақөл ауданы, «Қайнар» ауылдық мешітінің имамы Еркебұлан Еріқұлы 3-орынды қанжығасына байлады.

Ал, жүлделі 2-орынға «Иман» мешітінің имамы Еділ Ершатұлы лайық деп танылды.

Панфилов ауданы «Көктал» ауылдық мешітінің имамы Мадияр Төлеуханұлы облыстың имамдары арасында қазақ күресінен өткен байрақты бәсекенің жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ, облыстық «Иман» мешітінің есепшісі Ұлан Амангелдіұлы мен «Текелі қалалық мешітінің» молдасы Ершат Берікболов ынталандыру сыйлығына ие болды. Барлық қатысушыларға арнайы диплом мен қаржылай сертификаттар табыс етілді.

Темірлан АЙТБАЕВ

ПРОЕКТ

ДЕНСАУЛЫҚ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРДІҢ ЕРТЕ АНЫҚТАЛУЫ АРТТЫ

Жетісу облысында онкологиялық қызметтің қолжетімділігін арттыру және қатерлі ісіктерді ерте анықтау бағытында оң нәтижелер байқалуда. Бұл туралы облыстық көпсалалы клиникасының директоры Мағияр Өмірбаев пен клиниканың онкомаммологы Мақсат Айтқұлов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында баяндады.



Облыстық көпсалалы клиника бүгінде аймақ тұрғындарына онкологиялық көмек көрсетудің негізгі орталығы. Медициналық мекеме құрамында күніне 150 келушіге арналған емхана, 145 төсек-орындық клиникалық бөлімше, сондай-ақ диагностикалық және зертханалық бөлімдер жұмыс істейді.

Жетісу облысында онкологиялық аурулардың құрылымында сүт безі обыры жетекші орында, одан кейін қалқанша безі мен жатыр мойны обыры тіркеліп отыр.

Қазіргі уақытта облыста қатерлі ісік диагнозымен 7879 адам диспансерлік есепте тұр. Жыл басынан сырқаттанушылық деңгейі 100 мың халыққа шаққанда 198-ді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,7%-ға өскен. Дегенмен де, онкологиялық ауруларды ерте анықтау үлесі 28%-ға артып отыр, бұл бағыттағы алдын алу шараларының тиімділігін де көрсетеді.

Клиникада заманауи және аз инвазивті емдеу әдістері белсенді қолданылады. Артерияішілік химиоинфузиялар, трансартериялды химиотерапия секілді интервенциялық технологиялар бас, мойын, өкпе, құрсақ қуысы және кіші жамбас астауы қатерлі ісіктерін емдеуде тиімді нәтижелер беруде. Осы ем түрлерінің нәтижелілігіне көз жеткізген өзге өңірлердің тұрғындары да Жетісу клиникасына жиі жүгінуде.

Халық арасында онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте анықтау мақсатында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осы ретте ашық есік күндері ұйымдастырылып тұрады.

Аталған іс-шаралар барысында 35 қатерлі ісік және 150 обыр алды жағдай анықталды.

Жетісу облысының денсаулық сақтау саласы мамандарының айтуынша, онкологиялық аурулардың ерте диагностикасын арттыру, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және профилактикалық тексерулердің қолжетімділігін қамтамасыз ету – өңірдегі басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Арай НҰР

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

Жімі респираторлық вирустық инфекциялар балаларға жиі кездесетін аурулар болып табылады. Бұл аурулар тыныс алу жүйесіне әсер етеді. Вирустар мен бактериялардың үш жүзден астам түрі жедел респираторлық вирустық инфекцияларды тудыруы мүмкін.

Аурудың ең көп тараған себептері - тұмау вирустары, парагрипптік вирустар, аденовирустар, риновирустар және респираторлық синцитиальды вирустар. Көбінесе суық тию иммунитеті әлсіреген немесе әлсіреген балаларда, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде бірнеше рет байланыста болған балаларда байқалады.

Берілу жолдары: ауа-тамшылы және тұрмыстық (тұрмыстық заттар, дәретхана құралдары, балалар ойыншықтары, төсеніштер, ыдыс-аяқ және т.б. арқылы ластану). Вирус ауада 2-ден 9 сағатқа дейін жұқпалы болып қалады. Аурудың ұзақтығы аурудың ауырлығына, вирустың түріне және асқынудың болуына немесе болмауына байланысты.

Тұмау клиникалық симптомдардың өте жылдам дамуымен сипатталады. Дене қызуы алғашқы 24-36 сағатта максималды (39°C-40°C) жетеді.

Бас ауруы пайда болады, ол негізінен фронтальды-уақытша аймақта локализацияланған, көз алмасының қозғалысы кезінде ауырсыну, фотофобия, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну, жүрек айнуы немесе құсу жиі пайда болады.

Құрғақ, ауыратын жөтел және мұрын бітелуі әдетте ауру басталғаннан кейін бірнеше сағат ішінде пайда болады. Кеуде аймағында ауырсынууды жөтелмен бірге жүретін трахеит тұмауға тән.

Тұмаудың, оның ішінде оның барлық штаммдарының ең үлкен қаупі - ықтимал асқынудар (жүрек және өкпе ауруларының нашарлауы, кейде өлімге әкелетін).

Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу. Эпидемия кезінде (тұмаудың әсіресе қауіпті түрлері, мысалы, шошқа тұмауы) қажет:

Оқу және демалу режимін сақтау, шамадан тыс жүктемелерден аулақ болу, ашық ауада көбірек уақыт өткізу, жеткілікті ұйықтау және жақсы тамақтану; таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтырумен айналысу;

Егер туыстары ауырса, мүмкіндігінше оларды бөлек бөлмеде оқшаулаңыз; Тамақ ішер алдында, сырттан оралғанда және ортақ заттарды пайдаланғаннан кейін қолыңызды жақсылап жуыңыз.

Үй-жайларды жиі желдетіп, ылғалды тазалауды жүргізіңіз. Адамдар көп жиналатын орындарға (театрларға, кинотеатрларға, супермаркеттерге) және бұқаралық іс-шараларға баруды шектеңіз, онда адамдар көп болғандықтан вирус өте тез таралады;

Эпидемия кезінде күніне кем дегенде 2-3 рет мұрынды шаю және тамақты шаю ұсынылады.

«Көпсалалы облыстық балалар ауруханасы»
Медбикелер: Н. БАЙБОЛАНОВА, Р. АКЕЖАНОВА

ЗДОРОВЬЕ ФУНКЦИИ И ОБЯЗАННОСТИ ФЕЛЬДШЕРА

Фельдшер – это медицинский специалист, который играет ключевую роль в оказании первичной медицинской помощи населению. Его работа особенно важна в амбулаторных условиях, сельских районах, на станциях скорой помощи и в экстренных ситуациях, где доступ к врачу ограничен. Функции фельдшера охватывают широкий спектр медицинских задач: от профилактики заболеваний до неотложной помощи.

ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ ФЕЛЬДШЕРА:

1. Диагностическая деятельность

► Оценка состояния пациента на основе жалоб, анамнеза и осмотра.

► Проведение базовых лабораторных исследований, измерение температуры, давления, пульса и других показателей.

► Определение необходимости госпитализации или консультации врача.

2. Лечебная и лечебно-профилактическая деятельность

► Назначение и контроль выполнения базовых лечебных процедур (например, инъекции, обработка ран, перевязки).

► Ведение хронических больных, контроль приема лекарственных препаратов по назначению врача.

► Проведение профилактических мероприятий: вакцинация, скрининговые обследования, санитарное просвещение населения.

3. Неотложная помощь

► Оказание первичной помощи при травмах, острых заболеваниях и состояниях, угрожающих жизни

пациента.

► Проведение сердечно-легочной реанимации, остановки кровотечений, купирования аллергических реакций и других экстренных мероприятий.

► Подготовка пациента к транспортировке в лечебное учреждение.

4. Организационно-методическая деятельность

► Ведение медицинской документации: амбулаторных карт, журналов процедур, отчетов.

► Организация работы процедурного кабинета, пунктов первой помощи или фельдшерско-акушерского пункта.

► Контроль санитарно-гигиенического состояния помещения и оборудования.

5. Профилактическая и образовательная работа

► Проведение лекций и консультаций для населения о здоровом образе жизни, профилактике инфекционных заболеваний, правильном питании.

► Обучение пациентов использованию лекарственных средств и средств первой помощи.

► Взаимодействие с местными органами здравоохранения для предупреждения эпидемий и распространения заболеваний.

ОСНОВНЫЕ ОБЯЗАННОСТИ ФЕЛЬДШЕРА:

► Прием пациентов и первичная диагностика.

► Назначение и проведение базовых лечебных процедур.

► Оказание неотложной помощи при травмах и острых состояниях.

► Ведение документации и отчетности.

► Профилактическая работа среди населения.

► Сотрудничество с врачами и другими медицинскими специалистами.

► Поддержание санитарных норм и безопасности в медицинском учреждении.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Фельдшер – это универсальный медицинский специалист, соединяющий функции врача и среднего медицинского персонала. Он не только оказывает помощь пациентам, но и играет важную роль в профилактике заболеваний и формировании культуры здоровья в обществе. В современных условиях, когда доступ к врачу ограничен в некоторых регионах, роль фельдшера становится особенно значимой, делая его работу незаменимой частью системы здравоохранения.

Б.КЕЖЕМБЕКОВА,
ОблСЭС г. Талдыкорган

ЭКСТРЕННАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ЛОЖНОМ КРУПЕ У ДЕТЕЙ

Ложный круп – это острое состояние, при котором возникает сужение верхних дыхательных путей, сопровождающееся лающим кашлем, хрипами и нарушением дыхания. Дети с особенностями развития могут испытывать повышенный стресс и сильную тревогу, что усугубляет течение заболевания. Быстрая и слаженная помощь медицинской команды играет ключевую роль в предотвращении осложнений.

Врач оценивает степень дыхательной недостаточности, сатурацию кислорода и общее состояние ребенка. В случае необходимости назначаются спазмолитики, кортикостероиды или ингаляции с бронхолитиками, учитывая возраст и особенности пациента. Реаниматолог готов контролировать дыхание и сердечно-сосудистые функции при угрозе остановки дыхания или тяжелой гипоксии.

Медицинская сестра ведет мониторинг жизненных показателей, обеспечивает подготовку и подачу препаратов, контролирует проходимость дыхательных путей и поддерживает ребенка, снижая тревогу и стресс. Также сестра наблюдает за динамикой состояния после оказания помощи и фиксирует все изменения для команды.

Особое внимание уделяется созданию спокойной атмосферы: ребенок должен находиться в вертикальном положении, дышать через нос, родители при необходимости поддерживают эмоциональный комфорт.

Таким образом, экстренная помощь при ложном крупе – это результат совместной работы врача, реаниматолога и медицинской сестры, где профессионализм, внимательность и чуткость к состоянию ребенка обеспечивают быстрое восстановление дыхания и предотвращение осложнений.

НЕОТЛОЖНАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ТРАВМАХ У ДЕТЕЙ

Дети подвержены травмам из-за высокой активности и особенностей развития опорно-двигательного аппарата. Любая травма – ушиб, перелом, ссадин или падение – может сопровождаться кровотечением, болевым шоком или нарушением жизненно важных функций. Поэтому слаженная работа врача, реаниматолога и медицинской сестры играет ключевую роль.

Врач оценивает тяжесть травмы, выявляет опасные признаки: кровотечение, деформацию конечностей, нарушение сознания или дыхания. При необходимости проводятся обезболивание, иммобилизация, наложение давящей повязки или оперативное вмешательство. Реаниматолог обеспечивает контроль дыхания и сердечно-сосудистой функции при шоковых состояниях или массивной кровопотере, готов к проведению экстренной реанимации.

Медицинская сестра ведет мониторинг жизненных показателей, фиксирует изменения состояния ребенка, подготавливает и подает препараты, помогает в иммобилизации и поддерживает ребенка психологически, снижая страх и тревогу. Также сестра контролирует безопасность окружающей среды, чтобы избежать повторной травмы.

Особое внимание уделяется быстрой транспортировке при тяжелых травмах и правильной фиксации поврежденных конечностей. Взаимодействие всей команды по заранее отработанным алгоритмам позволяет минимизировать осложнения, ускорить восстановление и снизить риск долгосрочных последствий.

Таким образом, неотложная помощь при травмах – это результат совместной работы врача, реаниматолога и медицинской сестры, где точность, внимательность и готовность к экстренным действиям обеспечивают безопасность и сохранение здоровья ребенка.

ОСОБЕННОСТИ ОКАЗАНИЯ НЕОТЛОЖНОЙ ПОМОЩИ ДЕТАМ

Детская реаниматология и анестезиология – это особая область медицины, требующая высокой точности, внимания и профессионализма. Организм ребенка отличается от взрослого не только размерами, но и физиологией: дыхательная система более чувствительна, обмен веществ интенсивнее, а компенсаторные механизмы менее устойчивы. Поэтому оказание неотложной помощи детям требует индивидуального подхода.

Главная задача специалистов – быстро восстановить жизненно важные функции организма: дыхание, кровообращение и сознание. При этом важно использовать дозировки лекарственных препаратов, строго рассчитанные по массе тела ребенка. Анестезиолог в

детской практике должен владеть современными методами обезболивания, уметь выбирать щадящие препараты и обеспечивать контроль за состоянием ребенка до, во время и после операции.

Большое значение имеет слаженная работа медицинской команды – врача и медсестры. Медицинская сестра подготавливает оборудование, контролирует показатели, помогает при интубации, наблюдает за ребенком в послеоперационном периоде. Успех лечения в детской реанимации зависит не только от техники и лекарств, но и от внимательного, бережного отношения к маленькому пациенту и его родителям.

Е.ТИХАНОВА,
детский реаниматолог областная
многопрофильная больница г. Талдыкорган.
Н.БИБАЕВА, ДЮСШ г. Талдыкорган.
Ж.ЖАНИКЕЕВА,
детский центр «Камкор» г. Талдыкорган.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ УЛАНУ ҚАУПІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Талдықорғанда халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардың үйлеріне улы газдарды анықтайтын датчиктер орнатылды. Бұл туралы қалалық төтенше жағдайлар басқармасы хабарлады.

Датчиктерді орнату жұмыстары қала әкімдігі мен Төтенше жағдайлар басқармасы және осы іске жауапты мердігер компания өкілдерінің бірлесуімен жүзеге асқан.

«Қыстың келуімен пеш арқылы жылыту маусымы басталады. Өкініштісі кей жағдайларда өрт немерсе көміртек тотығымен улану деректері орын алады. Орнатылған датчиктер осындай қайғылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді. Тұрғын үйлерде оқыс жағдайлардың алдын алу үшін талдықорғандықтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз», - деді Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау полковнигі Болат Сүйірбаев.

Сондай-ақ, орнату жұмыстары барысында азамат-



тармен кездесулер өткізіліп, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар мен алдын алу түсіндірме шаралары жүргізілуде. Бұл жұмыстар халықтың хабардарлығын арттыруға, сондай-ақ өрт пен улану қаупін азайтуға бағытталған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

БЕЗОПАСНОСТЬ КАК ИЗБЕЖАТЬ ОТРАВЛЕНИЯ УГАРНЫМ ГАЗОМ?

Отравление угарным газом является одним из состояний человека, влекущих за собой летальный исход. Как правило, наступает в результате неисправной работы печного отопления, при нахождении человека в очаге пожара, в закрытом автомобиле с включенным двигателем. Угарный газ совершенно не имеет запаха, отравление угарным газом может произойти очень незаметно, а образуется он везде, где происходит процесс горения. При высоком содержании угарного газа во вдыхаемом воздухе человек чувствует головную боль и удушье. При повышении концентрации угарного газа возникает паралич и потеря сознания (смерть наступает через 30 минут).

Основная причина образования угарного газа - недостаток кислорода в зоне горения.

Механизм воздействия угарного газа на человека состоит в том, что он, попадая в кровь, связывает клетки гемоглобина. В результате гемоглобин теряет способность переносить кислород. И чем дольше человек дышит угарным газом, тем меньше в его крови остается работоспособного гемоглобина, и тем меньше кислорода получает организм. Человек начинает задыхаться, появляется головная боль, путается сознание.

И если вовремя не выйти на свежий воздух (или не вынести на свежий воздух уже потерявшего сознание человека), то не исключен летальный исход. Симптомы отравления угарным газом: мышечная



слабость, головокружение, тошнота, шум в ушах. Кома и смерть могут наступить от паралича дыхательного центра. Сердце может сокращаться еще некоторое время после остановки дыхания. Отмечены случаи гибели людей от последствий отравления спустя даже 2-3 недели после события отравления.

Самые распространенные источники - это газовые и масляные печи, дровяная печь, газовые приборы, нагреватели воды и двигатели, выбрасывающие выхлопные газы. Трещины в печах, забытый дымоход, заблокированные трубы могут привести к тому, что угарный газ достигнет жилых помещений. Недостаточный доступ свежего воздуха к печи может способствовать скоплению в доме угарного газа.

Несчастные случаи в результате отравления угарным газом можно предотвратить: устранить поступление угарного газа; вынести пострадавшего на свежий воздух; если пострадавший в сознании, его необходимо уложить, обеспечить покой и непрерывный доступ свежего воздуха (обмахивать газетой, включить вентилятор или кондиционер); если пострадавший без сознания, необходимо немедленно начать закрытый массаж сердца и искусственное дыхание до приезда скорой помощи или до прихода в сознание.

Помните, что во время выноса пострадавшего из помещения, в котором опасная концентрация угарного газа, прежде всего, нужно обезопасить себя, чтобы не отравиться тоже. Для этого нужно действовать быстро и дышать через носовую платок или марлю.

Е. ТЛЕУБАЕВ,
ст. инженер УЧС г. Талдықорған,
ст. лейтенант гражданской защиты

ГРАФИК

приема граждан руководством Управления по чрезвычайным ситуациям г. Талдықорған на IV квартал 2025 года

Наименование органа	Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан	Должность лица, проводящего прием граждан	Дни и время приема граждан	Местонахождение органа	Контактный телефон
Управление по чрезвычайным ситуациям г. Талдықорған	АЗАМатов Даурен Саматович	начальник Управления	понедельник 15.00-18.00 среда 15.00-18.00	г. Талдықорған, ул. Алдабергенова, 86, блог Д	8 /7282/ 24-18-04
Управление по чрезвычайным ситуациям г. Талдықорған	СУЙЕРБАЕВ Болат Омирсерикович	заместитель начальника Управления	вторник 10.30-12.30 четверг 15.00-18.00	г. Талдықорған, ул. Алдабергенова, 86, блог Д	8 /7282/ 24-17-96
Управление по чрезвычайным ситуациям г. Талдықорған	Данияр Айтқұлұлы	заместитель начальника Управления	пятница 10.00-12.30	г. Талдықорған, ул. Алдабергенова, 86, блог Д	8 /7282/ 24-17-96

Телефон доверия: 8 /7282/ 24-18-04

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1164 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ГОСАРХИВ ОКАЗАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В ТАЛДЫКОРГАНСКОМ ФИЛИАЛЕ ПО ЛИЧНОМУ СОСТАВУ

Государственный архив – это хранитель истории, документов организаций и предприятий, помощник в восстановлении утраченных документов людьми.

Государственный архив является юридическим лицом, осуществляющим хранение, учет и использование архивных документов. Когда необходимо получить сведения социально-правового характера: о трудовом стаже, заработной плате, образовании и так далее, физические и юридические лица обращаются за помощью в государственный архив.

Архивные справки, копии и выписки, выданные государственными архивами, являются официальными документами, имеющими юридическую силу подлинников.

Запросы, поступающие в архивы, подразделяются на:

► запросы социально-правового характера о подтверждении трудового стажа и размера заработной платы, возраста, состава семьи, образовании, награждениях, перечислении пенсионных взносов и социальных отчислений, присвоении ученых степеней и званий, об актах гражданского состояния.

Запросы поступают в виде писем, анкет, заявлений по форме, установленной Стандартом. К исполнению принимаются запросы о фактах, событиях, произошедших на территории Республики Казахстан, по документам организации, хранящихся в Талдықорғанском филиале по личному составу КГУ «Государственный архив области Жетісу».

Заявления, в которых не изложена суть вопроса, рассмотрению не подлежат.

Для идентификации личности при подаче заявления услугодатель должен предоставить документ, удостоверяющий личность, документ, подтверждающий полномочия, либо нотариально засвидетельствованную доверенность представителя. Работник справочного стола отвечает за правильность заполнения заявления, в котором должны быть указаны следующие сведения: фамилия, имя, отчество /при наличии/, фамилия за запрашиваемый период, число, месяц, год рождения, место жительства для физического лица /республика, область, город, район, город/село, улица/, юридический адрес для юридического лица, контактный телефон, идентификационный индивидуальный номер /ИИН/, наименование предприятия, учреждения, в котором работал заявитель, должность и период работы или учебы, другие сведения, необходимые для исполнения запроса. Заявление должно быть подписано заявителем либо его доверенным лицом. Любый гражданин вправе уполномочить другое лицо на подачу заявления по доверенности, оформленной в установленном порядке.

Запросы, не относящиеся к составу хранящихся в архиве документов, в течение 3 календарных дней с момента их регистрации направляются в другой архив или организацию, где хранятся необходимые архивные документы, с уведомлением об этом услугодателя.

Заявитель вправе обратиться с запросом на государственном или русском языке и получить ответ на языке обращения согласно Закону «О языках в Республике Казахстан».

Заявления физических и юридических лиц в день их поступления регистрируются ответственным специалистом в журнале регистрации запросов физических и юридических лиц.

В соответствии со стандартом оказания государственной услуги «Выдача архивных справок» срок оказания государственной услуги со дня сдачи пакета документов составляет 11 /одиннадцать/ рабочих дней. В случаях, когда в оказании государственной услуги необходимо изучение документов двух и более организаций, а так же периода более чем за 5 лет, услугодателем срок оказания услуги продлевается не более чем на 25 рабочих дней, о чем извещается услугодатель в течение 3 календарных дней со дня продления срока рассмотрения заявления.

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим и юридическим лицам.

Справочный стол архивных учреждений ведет прием заявлений и выдачу результатов оказания государственной услуги, оказывает консультацию заявителям с 9:00 до 17:30 часов с перерывом на обед с 13:00 до 14:00 часов с понедельника по пятницу. Прием документов осуществляется в порядке очереди без предварительной записи. Образец заявления и необходимая справочная информация об оказании государственной услуги «Выдача архивных справок» на государственном и русском языках должны быть размещены на информационных стендах.

Результат оказания услуги выдается специалистом справочного стола под роспись лично в руки заявителю при предъявлении удостоверяющего личность документа или его доверенному лицу – при предъявлении доверенности, оформленной в установленном порядке. Получатель расписывается на копиях ответов или на обороте сопроводительного письма к ним с указанием даты получения.

В связи с внедрением государственной программы «Цифровой Казахстан», в целях улучшения качества жизни населения за счет использования цифровых технологий, государственным архивом и его филиалами через веб-портал «электронного правительства» проводится разъяснительная работа с населением, направленная на увеличение количества обращений, поступающих на исполнение в архивные учреждения. Оказание государственной услуги осуществляется в строгом соответствии с утвержденными Правилами оказания государственной услуги.

В случае несогласия с результатами оказанной госуслуги услугодатель обращается в вышестоящие органы либо в суд в установленном законодательством порядке Республики Казахстан.

Н.С. ИСТЫБАЕВА,
директор Талдықорғанского филиала по личному составу



● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қоя кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.